

"Тасымалдаушы мен экспедитор арасындағы жүктөрді теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру туралы үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 19 шілдедегі № 521 бұйрығының кейбір құрылымдық элементтерінің қолданысын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 243 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 32313 болып тіркелді

"Күккүйктық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 19 шілдедегі № 521 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік күккүйктық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19082 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 521 бұйрық) Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық транзиттік қатынаста Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол көлігімен жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы мен экспедитордың үлгі шартының 9-тармағы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы құрылымдық элемент мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"9. Экспедитор Тасымалдаушыға тасымалдау төлемдерін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен төлеу үшін жеткілікті төлемді осы Шарттың _____ тармағының _____ тармақшасында көрсетілген Тасымалдаушының есеп айырысу шотына алдын ала төлеуді жүргізеді.

Тасымалдау төлемдерін төлеу үшін жеткілікті сомасы төрт тәуліктік тасымалдау ақысының мөлшерінен кем емес сома болып табылады. Бұл сома өткен 2 (екі) ай үшін Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық транзиттік қатынаста жүктөрді тасымалдау үшін тасымалдау ақысының нақты сомасынан есептеледі.

Экспедитордан түсетін төлемді есепке алу Экспедитордың жеке кабинетінде төлем қозғалысының ақпаратын көрсете отырып, Тасымалдаушының қаржы жүйесінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық транзиттік қатынаста тасымалдау үшін қаражатты есептен шығару экспедитордың жеке кабинетінде орналастырылатын " Орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің тізбелері" негізінде жүзеге

асырылады. Экспедитормен транзиттік тасымалдар бойынша түпкілікті есеп айырысулар МАТП шығу жолынан түскен тасымалдау құжаттары бойынша жүргізіледі .";

2) № 521 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық транзиттік қатынаста Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол көлігімен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы мен экспедитордың үлгі шартының 11-тармағы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы құрылымдық элемент мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"11. Жүкті ілгерілетуге кедергілер туындаған кезде тасымалдаушы мұндай кедергілер туындағанан бастап 3 (үш) сағат ішінде жөнелту станциясын, межелі станцияны, экспедиторды хабардар етеді.

Тасымалдаушы экспедитордың атына жіберген хабарлама экспедитордың БЖШ-дан қосымша алымдарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды есептен шығару үшін негіз болып табылады, бұл ретте тасымалдаушы Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19188 болып тіркелген) 9-қосымшаға сәйкес ГУ-23 жалпы нысандағы актіде вагонды/контейнерді кідіртудің басталу уақытын көрсетеді, ол экспедиторға хабарлама жіберілген сәтten бастап есептеледі.

Тасымалдаушы кедергі туындаған күннен бастап 30 күн ішінде растайтын құжаттарды ұсынады.

Тасымалдаушымен БЖШ есебінен шығарылған қосымша алымдардың, айыппұлдардың, өсімпұлдардың мөлшерімен Экспедитор келіспесе, "Теміржол туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 89-бабына сәйкес наразылық тәртібімен талап қоюға құқылы.

Бұл ретте тасымалдаушы экспедитордың шағымын оны алған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) ай ішінде қарайды және артық есептен шығарылған соманы қайтарады және/немесе "Теміржол туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 91-бабына сәйкес қайтарудан бас тартады.".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

M. Карабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК